

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции
Студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

MATERIALS
International Scientific Conference
Of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

Volume 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

қолдау көрсету, олардың біліктілігін арттыруға көмектесу. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға, жұмыссыздар мен аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсету болып табылады.

Осы қорға ең алғаш болып «Тұңғыш президент» қорынан қаржы аударылуы Елбасымыздың осы іске үлкен қолдау білдіріп отырғанын көрсетеді. Қор ашылғалы аздаған уақыт болса да, көптеген жақсы істерге мұрындық болуда. «Уақып» қоры ҚМДБ-мен тығыз байланыс орнатып, соңғы кездері еліміздің әлеуметі аз қамтылған ауыл мешіт имамдарына материалдық көмек беруде. Бұл шараны қоғамымыз зор алғыс сезіммен қарсы алуда. Негізінде, әлі де болса уақып ісін дамыту үшін – ислам елдеріндегі уақып институттарына анализ жасап, сараптап, елімізге, қоғамымызға лайықты модель жасауға мүдделіміз.

Таяу арада ҚМДБ-ның төрағасы, бас мүфти Серікбай қажы Ораз Хазрет елімізде ұмыт болған «Мұтауалият қызметін» жаңғыртсақ деген пікір айтты. Өте орынды пікір, себебі «мүтәуәли» дегеніміз «уақыпқа жауапты басшы» деген ұғымды білдіреді. Бұл қызмет белгілі бір жүйеге қойылғанда, мешіт имамдары тікелей өз қызметтерімен айналысып, ал шаруашылық жағына мүтәуәлилер жауапты болып, жұмыстарына жеңілдік болар еді.

Осы орайда бауырлас Түркия республикасының осы саладағы қызметтерін үлгі етуге болады. Атап айтсақ, «Түркия Диянет Вақфы» қызметі саласы да жоғары дәрежеде дамуы қызығарлық жәйт. «Уақып» қорына көпшілік болып қолдау жасау – мұсылмандық міндетіміз. Атам қазақ: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», – деп айтпақшы, бұл шаруа көппен ғана бітеді. Алла баршамыға сауапты амалда көп жасауға нәсіп етсін!

Әдебиеттер:

1. Гордлевский В.А. Избранные сочинения: В 4 т. Т.М., 1960.
2. Шлыков П.В. Вақфы в Турции: трансформация традиционного института, 27 стр, Издательский дом Марджани, Москва, 2011.
3. Gill M. Documents of the Jewish pious foundations the Cairo Geniza. Leiden. 1976; Shaham R. Christian and Jewish Waqf in Palestine During the Late Ottoman Period // BSOAS, Vol. 54 (1991), pp. 460-472.
4. Әл-Мұғни, 12 том, 175 бет
5. www.kantakji.org/figh/files/wakf/w-1.htm. 27.04.2004
6. «Қожа Ахмет кесенесі». М.Е. Массон, Ташкент, 1930.
7. «Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Каз ССР». Еренов. А. 56 стр. – Алма-Ата, 1963.
8. «Қазақ халқының құрамындағы қожалар» (тарихи-этнографиялық зерттеу) Ибадуллаева Зылиха Өмірбекқызы, ғылыми жетекшісі т.ғ.д профессор Ә.Т.Төлеуов (Әл-Фараби атындағы ҚҰУ) 51 б, ҚР Алматы, 2001. Д 2003/37 И 13
9. «Нәзір Төрекұлов». 582-583 б. Алматы «Алаш» 2004.
10. «Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық». М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілқожин, 17-18 бб, Тарихшының кітапханасы. Алматы, 1992.
11. Мақсағат Д. «Сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы» (1925-1956 жж.) 67 б. – Астана, 2007. – 528 б.
12. «Тауарих хамса» (Бес тарих) Халид Құрбанғали, 69 бет. Ауд. Б.Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 бет.
13. Д.Қамзабекұлы «Алаш және әдебиет», 99 бет, Отырар кітапханасы, Астана, 2002 ж
14. Тұрсын Жұртбай: ҚҰНАНБАЙ (Жәбір сұлтаны), abai.kz
15. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1913 жыл /Құраст.: С.О. Смағұлова, Ф.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – 337-338 б. «Арыс»: баспасы, 2009.
16. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1914 жыл /Құраст.: С.О. Смағұлова, Ф.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – 94-95 б. «Арыс»: баспасы, 2009
17. «Kazak türklere vakfi», Halife ALTAY, 1986.
18. Оралтай Х. «Елім-айлап өткен өмір». – Алматы: «Білім», 2005. – 218 бет.

КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

*Камалова Ф.Б.,
PhD докторант, 2 курс, «Дінтану» мамандығы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші:
Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қантарбаева Ж.О., филос.ғ.р., доцент,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетін алты жоба ұсынылғаны белгілі. Соның төртіншісі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты –

халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын бекемдеу, жат идеологияға төтеп беретін қалқанды нығайту.

Қазіргі таңда еліміздегі зерттеулерде Қазақстанның киелі жерлері бойынша археологиялық, этнографиялық, тарихи зерттеулер жүргізілуде, алайда Қазақстанның қасиетті, киелі жерлерінің тізімі бір жүйеге келтіріп, жіктелуі әлі де болса шешімін таппады. Қасиеттілік, киелі жерлерді түсіну секілді сұрақтарға бір мәнді жауаптар жоқ. Киелі, қасиетті жер ұғымдарын мәдени-тарихи мағынада немесе тек діни мағынада түсінудегі орны қандай сияқты сұрақтар зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда, сонымен қатар, басқа елдерде де киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярет етуге барушылар саны күннен күнге артуда. Бірі бұны «қажылық» деп атаса, бірі діни туризм деп атайды. Діни туризм дегеніміз қасиетті, киелі жерлерге, діни орталықтарға саяхат жасау. Діни туризм бірнеше түрге бөлінеді: қажылық туризм, эзотерикалық туризм, сакралды туризм. Қажылық туризм дегеніміз әртүрлі конфессия өкілдерінің арнайы қасиетті жерге ғибадат ету үшін, құлшылық ету үшін саяхат жасауы. Эзотерикалық туризм дегеніміз өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында қасиетті жердің тылсым күштерін түсіну үшін жасалатын саяхат. Сакралды туризм дегеніміз белгілі бір киелі орынға бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру. Сакралды (ағылшын тілінен «sacral» және латын тілінен «Sacrum» – қасиетті, құдіретті) – белгілі бір объектіге бірегей мағына беретін, ерекше құндылыққа айналдыратын, күнделікті түсініктер мен заттардан өзгеше иррационалды, мистикалық мән беретін дүниетанымдық категория. Сондықтан да пәнаралық ғылымдарда «қасиетті», «киелі», «құдіретті» сөздері тұтас бір ұғыммен «сакралды» деп қолданылады.

Қасиетті жерлерге, киелі орындарға ғибадат ету кең өріс алуы Бүкіләлемдік туристік ұйым UNWTO-ның діни туризмді ХХІ ғасырдағы туризмнің ең перспективті бағыты ретінде қабылдауына себепші болды.

Қазіргі кезде елдер, аймақтар мен қалалар арасындағы бәсекелестіктің өсуіне байланысты осы тенденцияны пайдалану арқылы әрбір аймақ өз территориясының танымалдылығын қалыптастыруы қажет. Қазақстанның территориясы киелі жерлерге, қасиетті орындарға бай. Ол жерлерге әртүрлі мақсатта зиярет ету кең өріс алып отыр. Мұны халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде қарастыруға болады.

«Киелі орын», «қасиетті жер» түсінігі

Зерттеу тақырыбымыздың релевантты зерттеу әдістемесін анықтауға мәдениет антропологиясы Ұлан Биғожиннің «В Казахстане сейчас идет бум святых мест» атты интервьюі негіз болды. Ұлан Биғожин интервьюінде, «Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың бір тәсілі ретінде қасиетті жерлерге деген қызығушылық 90-жылдың аяғындағы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің жолымыз – Қожа Ахмет Яссауи жолы», сонымен қатар, «біздің өзіміздің толерантты, дәстүрлі қазақ исламымыз» деген сөздерден басталады» деген (Биғожин, 2015а). Яғни, киелі орындар, қасиетті жерлер ол тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін, айқын көрсететін құрал екенін байқаймыз.

Киелі орын, қасиетті жер деген ұғымдар сонау ерте заманнан келе жатыр. Заман өзгерген сайын, адамдардың қажеттіліктері мен сұраныстары өзгерген сайын оларға деген көзқарастар да өзгерді. ХІХ ғасырдан бастап киелі орындар мен қасиетті жерлерге деген жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Бұған себеп болған ғылымдағы пәнаралық көзқарастар мен әдістемелер.

Роджер Штамп «The Geography of Religion: Faith, Place and Space» (Stump 2008) атты еңбегінде діни практикалар мен сенімнің кеңістік пен орынға байланысты екенін айтады. Роджер Штамп бойынша әртүрлі діни көзқарастардың қалыптасуы, көшіп-қону үрдісі, діни практикалар мен культтердің жүзеге асырылуы қасиетті кеңістіктердің қалыптасуына себепші болды. «Дін географиясы» еңбегінде киелі кеңістіктердің пайда болуын анықтау үшін діни топтардың көшіп-қону үрдісін зерттейді. Сол сияқты қазақстандық дінтанушы ғалым Ә. Муминовты өзінің «Родословное древо М. Ауезова» (Муминов, 2011а) еңбегінде «қожалардың» көшіп-қону үрдісінің негізінде Қазақстанның көптеген жерінде киелі орындардың пайда болғандығы туралы дәлелдер келтіріп өткен.

Энциклопедиялық түсіндірмелерде «киелі орын» дегеніміз (латын тілінен – sacer) – ерекше мәні бар, қайталанбас объектілері бар орын. Онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайылықтың жоғарғы деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім; феноменологиялық тұрғыда таңқалдыратын ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс.

Күнделікті өмірде «киелі орын» аруақтармен немесе адам ақылына симайтын сиқырмен сипатталады.

Киелі орындар бүгінгі таңда тарихи естелік орындары ретінде көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналып отыр. Көптеген пәнаралық зерттеулер жүргізіліп отыр, бірақ оның мәнін түсініп, сиқырын ашу әлі де болса ғалымдардың қолынан келе алмай отыр.

Дюркгейм бойынша сакралдылық – әлеуметтік құбылыс, қоғамдық топтар өздерінің әлеуметтік және моралдық ниеттеріне қасиеттілік бейнесін, нышандарын береді. Сол арқылы ұжымдық талаптарға табынуды талап етеді дейді (Дюркгейм, 1915: 38).

Дюркгейм бойынша, сакралдылықтың маңызды белгісі – оның қол сұқпаушылығы, жекешелігі және құпиялылығы.

Дюркгейм тұжырымдамасын сынға алған Р. Отто «қасиеттілік» пен «киелілікті» иррационалды бастама деп түсіндіреді. Өзінің «Киелі» атты еңбегінде «сакралдылықты», «қасиеттілікті», «киелілікті» түсіндіру үшін әртүрлі ұғымдарды қолданады. Р. Отто діни тәжірибелерді зерттеу барысында киелі категориясының априорлық бастамасын айқындайды. Неміс философ Р. Отто киелі категориясын «нуминоз» деген сөзбен алмастырады (латын тілінен *numen* – құдай құдіреттілігінің белгісі); нуминоздың психологиялық ерекшелігін айқындай отырып, «*mysterium tremendum*» сезімімен (адамды экстатикалық күйге әкелетін құпияға иландыратын сезім) байланыстырады. Киелілікті сипаттайтын тағы бір сезім түрі «*fascinans*» сезімі (латын тілінен *fascino* – еліту, арбау) – құпиямен қарым-қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, тартылыс, таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нуминоздық сезімдер кешені пайда болған кезде ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Осы құндылықты Отто «*sanctum*» (латын тілінен – қасиетті, киелі), иррационалдылық тұрғысында «*augustum*» (латын тілінен – құдіретті, қасиетті) деп атайды (Отто, 2008: 132).

Қазақ жері киелі орындарға бай. Егерде, әлеуметтанушы Э. Дюркгейм және неміс философы Р. Отто киелілік жеке адамның қабылдауымен анықталады деп санаса, Тәңіршілдік дүниетанымында «жер» ол өсіретін, ұрпақ жалғастыратын тіршіліктің көзі.

«Қасиетті жер», «киелі орын» ұғымдарын идеологиялық және күнделіктілік тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп мемлекеттік маңыздылығы бар «қасиетті жерлер», екіншісі күнделікті халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты «қасиетті орындар». Әрбір киелі орын немесе жер өзінің әлеуметтік, мәдени, саяси, діни функцияларын атқарады. Күнделікті қарапайым адам мен діни адамның, я болмаса ғалымның қабылдауының нәтижесінде әртүрлі тұжырымдамалар мен түсініктер қалыптаса береді, бірақ сол орын немесе жер ешқашан өзінің жекешелігін, ерекшелігін жоғарылатпайды.

Қазақ даласындағы «киелі жердің» ерекшеліктері және мәдени практикалары

Белгілі бір территорияны немесе орынды қандай құбылыс қасиетті, киелі етеді? Steve Brie, Jenny Dagers және David Torevell атты Батыс ғалымдары қалалық кеңістіктерді зерттеу барысында адамдардың шоғырланған жерлеріне барған. Үшеуінің бақылауы бойынша адамдар көбінесе монастырлардың, шіркеулердің қасына белгілі бір мерекелерде немесе басқа бір рәсімдерді орындауға жиі жиналады екен.

Әлеуметтанушы Steve Brie бойынша, монастырь ерекше мәдениетті қалыптастыратын орын. Сакралды кеңістікті іздеу жемісі. Монастырь христиан халқы үшін қасиетті жер, бұл көрме кеңістігінен әлде қайда өзгеше, кейбір адамдар бұл жерге зиярет ету үшін келіп жатса, екіншілері бұл жерге турист ретінде өзге мәдениеттің құндылығымен танысуға келеді. Ендеше киелі орындар тек құлшылық ету орны ғана емес, ол территорияны айқындайтын және мәдениеттің ерекшелігін көрсететін құндылық болып саналады (Steve, 2009a: 10).

Батыстың зерттеуші ғалымдары киелі орындарға барудың екі қырын көрсетеді: біріншіден, бұл белгілі бір құбылыстар өткізілетін қоғамдық кеңістік ретінде қарастырылса, ал екіншіден, адамдардың шығармашылық елесін, символикалық және архетиптік бейнесін қалыптастыратын кеңістік ретінде айқындалады деген (Steve, 2009b: 10).

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, «киелі жерлерді» үш категорияға бөліп қарастыруға болады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дөльмендер және тағы басқалары. Үшінші категориясы екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер».

Қазақстан территориясында орналасқан киелі жерлер осы категорияларға сәйкес келеді.

2004 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін жаңғырту, дамыту істері жүзеге асырылды. Осы бағдарлама аясында мемлекеттік, әлемдік маңыздылығы бар киелі орындар мен киелі жерлер анықталып, қалпына келтірілген болатын. Мемлекеттік тұрғыда бекітілген киелі орындарға – Арыстанбаб кесенесі, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі, Қорқыт Ата кесенесі, Сунақ ата кесенесі, Бекет ата кесенесі және т.с.с көптеген мазарлар мен кесенелер, мемориалды кешендер жатады.

Қазақстанның төрт бұрышында да киелі жерлер мен қасиетті орындар көп, бірақ халық арасында үлкен сұранысқа ие болған ол – Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі киелі орындар. Әрқайсысына жеке тоқталып кетейін.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы **Түркістан мекені** – кіші қажылық мекеніне айналды. Түркістанның тарихы өте бай. Ол Қазақ хандығының бірінші астанасы. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының мәдени, діни және сауда орталығы болған. Қаланың ескі аты – Яссы. Бірақ қазір Түркістан қазақ даласының киелі аймағына айналды. Адамдар бұл мекенге рухани азық алу үшін, сауығу үшін, жан азабынан арылу үшін келеді.

Шын мәнінде Түркістанға баратын адамдар тобын екіге бөлуге болады: біріншісі – зиярет етушілер, олар Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи, Гаухар ана кесенелеріне табыну үшін; *Бесік төбеге зиярет ету (аңыз бойынша Бесік төбе құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге аналық қуаныш сыйлайды екен); Қасиетті Құдықтан су алуға (халықтың айтуы бойынша бұл Құдық ниеті түзу, жүрегі таза адамдарға ғана су береді екен)* барса, ал екінші топ адамдар тарихи ескерткіштерді көруге, тарихи мұраларды өз қолымен ұстауға, киелі орындармен, кесенелермен, ескерткіштермен байланысты аңыз-әңгімелерді тыңдауға, ата-баба ескерткіштеріне құрмет көрсетуге және рухани азық алу үшін барады.

Оған қоса, сол Оңтүстік Қазақстанның **Сыр өңірінде** де мекен еткен бірқатар киелі адамдардың, кемеңгер ойшылдың кесенелерін кездестіруге болады. Олар: Қорқыт ата мемориалды кешені, Бегім ана мұнарасы, Оқшы ата кесенесі, Сунақ ата (Хисамидин әз-Сығанақи) кесенесі, Қорасан ата кесенесі мен Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазарына да зиярат етушілердің саны күннен күнге ұлғаюда.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстанның **Тараз өңірінде** де зияратшылардың біршама тобын кездестіруге болады. Олар Төртқұм кешеніне, Қарахан кесенесіне, Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазарына зиярет ету үшін келеді. Айта кететін бір жәйт, әлемде махаббат символын білдіретін екі кесене бар, олар: Үндістандағы «Тәж-Махал» кесенесі мен біздің Тараз өлкеміздегі «Айша бибі» кесенесі.

Қазақ жеріндегі тағы бір киелі орындардың бірі – **Маңғыстау өңірі**. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі ірі аймақтарының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазына түбегі. Маңғыстау өңірі туралы көптеген ғалымдар зерттеген. Бірақ соның ішінде ерекше атап кететін, Серікбол Қондыбайұлының «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабы, ол «Маңғыстау» сөзінің этимологиясынан бастап Маңғыстау өңірінің тарихи-мәдени ландшафттарын зерттеген. Әсіресе осы өлкенің киелі орындарының мәнін мифологиялық көріністер арқылы түсініктемелер берген.

С. Қондыбайұлы бойынша Шығыс түркі (ұйғыр, салор, тува, алтай, шор, т.с.с.) және моңғол мифологиясында «маңғыш» (маңғыс, мангус) айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Түркілерде құбыжықтар жақсы және жаман қасиетке бірдей ие. Серікбол Қондыбайұлы Е.Қойшыбаевтың тұжырымдамасын негізге ала отырып әртүрлі дәлелдер келтіреді. «Біріншіден, Маңғыстауда тұрған халық «дай, алан» жыланды, айдаһарды немесе басқа бір үрейлі мақұлықты қасиетті, киелі (тотем) деп санауы ықтимал. Оның үстіне Маңғыстау облысында кездесетін Отман, Маната, Маңсуалмас, Манашы, Маңғар, Ақман, Қараман жер су аттарының болуы және олардың өз бойында мифтік аңыздық сипатын басқа топонимдерге қарағанда көбірек сақтауы аталған пікірге тоқтам жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, геологиялық уақыт бойына ғана емес, сонымен қатар VII–XV ғасырлар аралығында Маңғыстау климаты қазіргіге қарағанда өзгеше болған. Табиғат климатын ескеретін болсақ, Маңғыстауда алып жыландардың, алып кесірткелердің, тіпті қазір жойылып кеткен аңдар мекендеген деп болжам жасауға болады. Қазақ халқының «адам көрмесе жылан қырық жылда айдаһарға айналады» деген сөзі негізсіз болмас. Үшіншіден, Қаратау жоталары (Таушық, Батыс және Шығыс Қаратаулары) солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай созылып жатыр. Ақтау биігінен көз салып қарасақ сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар өте алып жыланға, айдаһарға ұқсайтынын байқау қиын шаруа емес» – дейді (Қондыбай, 2008: 10-11). Сонымен, Серікбол Қондыбай бойынша «Маңғыстау – айдаһартау» дегенді білдіреді.

Маңғыстау өзінің 362 әулиелерімен танымал. Аймақ тұрғындары «362» деген санның өзін киелі ретінде қабылдайды: мысалы пәтер таңдаған кезде «362» деген санды таңдауға тырысады, авто көліктеріне «362» деген нөмірді тағады. Мұндай практика киелі орындардың, ата-баба аруақтарының үнемі қолдап жүреді деген сенімінен туындаған. Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері: Оғыланды жеріндегі Бекет ата, Шопан ата, Көне Бейнеу және Бекет-ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-үпі.

Әрбір киелі жер мен қасиетті орындар туралы аңыз-әңгімелер, сол аймақтың танымалдылығын қалыптастыруда маңызды орын алады. Аймақты тартымды етеді.

Қазақстан территориясындағы киелі орындар Республикалық бақылауда. Зиярат ету тәртібі мен ережелері жазылған және зиярат етушілер оны ұстануға тырысады.

Қорытынды

Сонымен «киелі жер» табиғи құбылыс па? Әлде адамдардың ойдан шығарған практикасы ма?

Киелі жердің қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ. Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндіріп өткен. Кітабында қожа әулетінің мәдени әлемі мен Мұхтар Әуезовтің байланысын сипаттай отырып, қазақ даласындағы киелі жерлер мен орындардың маңыздылығын ерекше атап өткен. Әшірбек Құрбанұлының айтуы бойынша, қожа әулетінің мәдени әлемінің басым бөлігін киелі орындар (мазарлар, қадам-жайлар, зираттар, киелі жер, муккадас джай) алып жатыр дейді (Муминов, 2011 b: 120). Киелі орындардың көлемі мемлекеттік деңгейде немесе белгілі бір аймақтың негізінде өлшенеді. Маңғыстау өңірінде 362 киелі орын бар. Олар бұл 362 санды Құранның аяттарын оқығанда қолданады және күнделікті тұрмыста да қолданып жүреді. Муминов айтып кеткендей, кең көлемде танымал киелі орындар «мұсылмандардың рухани басқармасымен» ресми тіркеуге алынған және олар аймаққа, өлкеге қажылыққа келушілердің арқасында үлкен көлемде қаржы әкелетін табыс көзі болып табылады. Муминов өз кітабында киелі орындардың типологизациясын жасаумен айналысқан кеңес дәуірінің этнографы Г.П. Снесаревті ерекше атап өтеді. Г.П. Снесарев қасиеттілер, киелілер туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, негізгі төрт типін бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Иемденген киелі орындарына байланысты тағы бір топтамасын ұсынады: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) ислам дінінің таратушы миссионерлер; 4) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары; 5) сунниттік имамдар; 6) сопылар; 7) ру тотемдері; 8) киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал (Муминов, 2011 c: 121-122).

Муминов айтып кеткендей киелі орындардың танымалдылығы бірінші орында сакралды аңыз-әңгімелерге байланысты. Сонымен қатар киелі орындар қарапайым адамдар арасында өзінің емдік қасиетімен, сиқырымен, құпиясымен танымал болып жатады. Барлық мұсылман әлемінде үлкен қажылық – ол Меккеге бару. Бұл барлық мұсылмандардың киелі орны. Сондай-ақ, қазіргі кезде «кіші қажылық» деген ұғым кездеседі. Ол жергілікті, аймақтық, өңірдегі киелі орындарға барып сыйыну, зиярат ету. Көп жағдайда бұл емделу, тазалану үшін жасалады. Қазіргі кезде қарапайым адамдар арасында киелі орындарға барудың үлкен бір себебіне айналған мәселе – ол ұрпақ тілеу. Сәби сүйе алмай жүрген отбасылар өздерінің әулетімен байланысты арғы ата-бабаларының немесе сол әдеттен шыққан ұлы тұлғалардың мазарларына, кесенелеріне барып тілектерін айтып, бата жасап, құрбандық шалып жатады. Ел танымайтын өз ата-бабасының мазарына барып тағзым ету. Р. Отто айтып кеткендей нумизондық сезімдердің кешені. Сол арқылы сол мазар немесе зират діни іс-әрекеттің негізінде танымал бола басталады және құдіреттілігі анықтала бастайды.

«Киелі орындардың тағы бір құдіреттілігі – олар өздерін қорғай алады» – дейді Ә.Қ. Муминов (Муминов 2011d: 124). Шынымен де, қарапайым адамдардың ішінде ауыздан ауызға тарап жүрген әңгімелерге сенетін болсақ, киелі орындарды ешқашан ешкім қирата алмайды. Адамдардың айтуы бойынша киелі орындардың иелері хайуан, аруақ немесе жын түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады.

Муминовтің кітабында айтылғандай, бірнеше киелі орындар бірігіп бір үлкен территорияны құрайды. Оңтүстік Қазақстан киелі орындар санынан, және олардың танымалдылығымен, құдіреттілігімен ерекше орынға ие. Сакралды аймақтарға Түркістан, Тараз, Жаңақорған, Сыр өңірі, Созақ және Отырар жатады. Бұл аймақтар «кіші қажылыққа» келушілердің көлемімен анықталады.

Киелі орындар қатарына Жезқазған өңірін де жатқызуға болады. Біріншіден, Ұлытау аймағы. Ол Асан-қайғы жырлаған «Жер ұйық». Қазақ даласының ұлы данасы Асан Қайғы халқына қолайлы жер іздеу мақсатында желмаясына мініп, қазақ даласын аралап шыққан. Әрбір жүрген жері мен басқан тауын ол киелі, қасиетті деп санаған. Халыққа жайлы жер іздеген Асан-қайғы Ұлытау аймағын ең қолайлы киелі жер деп атап кеткен. Сонымен қатар тарихтан белгілі Ұлытау қазақ хандарының бас қосқан мекені. Екіншіден, Жезқазған өңірі көптеген қасиетті адамдардың мазарлары орналасқан жер – Алаша Хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі өздерінің құдіреттілігімен және зәулім архитектуралық құрылысымен танымал.

Қазақ жеріндегі киелі орындарды зерттеуші тағы бір ғалым, қазақстандық мәдени антрополог Ұлан Биғожин өзінің зерттеу жұмыстарында Ван дер Вираның «Діни ұлтшылдық» еңбегін негізге ала отырып, ұлтты құрудың негізгі элементі ретінде дінді қарастырады. Биғожиннің айтуы бойынша мемлекет сопылық мазарларды дәстүрлі исламның органикалық бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті құрастырушы құрал ретінде де қарастырады.

«Қазақтардың діни наным сенімі ата-баба культіне негізделеді. Қазақтардың діни көзқарасының маңызды бөлігі – киелі орындар» – деп санайды Ұ. Бигожин (Бигожин, 2015с).

Қорыта айтқанда, Қазақстанда киелі орындарға қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, адамдардың кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярат ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, әртүрлі аурулардың таралуына байланысты адамдардың ем іздеп баруы.

Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған, өзінің жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпелі және отырықшы мәдениетті біріктірген жер. Үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі орындарымыздың арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді.

Әдебиеттер:

- а. Бигожин Ұ. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
- б. Бигожин Ұ. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
- с. Бигожин Ұ. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
- Қондыбай С. (2008). Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: «Арыс» баспасы, 288 б.
- а. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
- б. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
- с. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
- д. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
- Дюргейм Э. (1915). The Elementary forms of the Religious life. Лондон, 314 с.
- Отто Р. (2008). Das Heilige. Über das Irrationale in der Idee des Göttlichen und sein Verhältnis zum Rationalen, 1917 / пер. А.М. Руткевича – СПб: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 272 с.
- Stump Roger W. (2008). The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. New York: Rowan & Littlefield, 441 p.
- Steve Brie, Jenny Daggers and David Torevell. (2009). Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts. Cambridge Scholars Publishing, 206 p.

ДЕСТРУКТИВНОСТЬ В РЕЛИГИОЗНОМ ПОВЕДЕНИИ

Карыбаева А.Н.

PhD докторант, 1 курс,

специальность «Религиоведение»,

e-mail: karybaeva.ainur@gmail.com

Научный руководитель:

Курманалиева А.Д.,

д.филол.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

XX век стал веком религиозных противоречий, веком великого заката и расцвета религий и религиозности. Именно в прошлом столетии произошёл качественный сдвиг в религиозной истории человечества, наблюдались и глобальная антирелигиозная пропаганда, и потеря религиозных ориентиров, и появление самого значительного числа новых религиозных течений за всю историю человечества. Темой предлагаемой работы стал один из важных факторов этого сдвига: распространение так называемых «новых религиозных движений» (НРД) – явления во многом уникального, ставшего характерной особенностью нынешней эпохи глобализации. Деструктивность относится к числу фундаментальных дискурсивных категорий, которые играют значительную роль в организации коммуникативного взаимодействия и определяют прагматику дискурса; ее изучение способствует пониманию некоторых механизмов и принципов коммуникации, а также идентификации стратегий и тактик, используемых деструктивной коммуникативной личностью. Актуальность данной работы определяется нарастающими проявлениями агрессивности в различных типах дискурса и, соответственно, необходимостью расширения знаний о деструктивном поведении коммуникативной личности.

Англоязычный академический мир был наводнен - особенно с 11 сентября 2001 года – книгами и статьями, пытающимися объяснить, почему религия имеет особую тенденцию к насилию. Они приходят от авторов в самых разных областях: социология, политология, религиоведение, история, теология. Для некоторых теоретиков религии и насилия противоречия разрешаются путем открытого расширения определения «религия», чтобы включить в него идеологии и практики, которые обычно

СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
СЕКЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	
Болысбаева А.К. АНАЛИЗ СТЕПЕНИ ОБРАЗОВАННОСТИ ЖЕНЩИН В ИСЛАМСКИХ СТРАНАХ	370
Қабдолда Қ. УАҚЫП ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ: ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КІРІСПЕ. МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	372
Қабдолда Қ. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ УАҚЫПТАР ТАРИХЫНА ШОЛУ	380
Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Кантарбаева Ж.О. КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ	385
Карыбаева А.Н., Курманалиева А.Д. ДЕСТРУКТИВНОСТЬ В РЕЛИГИОЗНОМ ПОВЕДЕНИИ	390
Мажен Е., Жамашев А. БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДІН МӘСЕЛЕСІ	393
Мустафина Ж.Д., Мәден А.Т. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ СИМВОЛДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ	395
Нукасов Е.С., Мухитдинов Р.С. МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НӘПСІ ТАРБИЕСІ	399
Сайлаубекқызы А. ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ	401
Сарсембаев Р.М. РЕЛИГИОЗНЫЙ ПЛЮРАЛИЗМ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН	405
Tutinova N.E. Meirbaev B.B. DEFINITION AND TYPOLOGY OF SOCIO-CULTURAL CONFLICTS	408
Юлдашев Т.У., Бейсенов Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС АҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	412
Yessekeyeva E.F. RELIGION AND CONTEMPORARY VISUAL ART	416
Абдрахимова Г.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ СІҢГЕН «СОПЫЛЫҚ» ДІНИ ТЕРМИНІ	418
Абитаева Г.Т., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕР ЕТУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ	421
Билекен С., Мұқан Н. ОНЛАЙН ӨМІРДІҢ ЗИЯНДАРЫНА ИСЛАМ ЭТИКАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС	424
Бокенбай Ж.А., Башаров Қ.С. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДА ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ	427
Болатханова А.Б., Альджанова Н.К. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ	430
Даулетбекқызы Д., Байтенова Н.Ж. ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУПТІЛІГІ	432
Есдәулет Е., Құрманалиева А.Д. МӘТУРИДИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ	435
Жақаев Д.С. ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ	438
Жеңімпаз Е., Мұқан Н. АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР	442
Исаков Б.А., Байтенова Н.Ж. ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ	445
Исраилова А.Н., Курманалиева А.Д. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ	447
Касинова К.Е., Байтенова Н.Ж. БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ КИЕЛІ ТАНЫЛАТЫН ДІНИ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫ	451
Кершеев Ж.Ж., Әділбаева Ш. «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫМӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ, ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»: ҚАЗАҚ САНАСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ОТБАСЫ ҮЛГІСІ	454
Қонысбекқызы Ү., Борбасова Қ.М. ИСЛАМ ДІНІНЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ТӘҢІРЛІК» СЕНІМ	458
Кулмуратова Г.К. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ КӨРІНІСТЕРІ	462
Мағаз С. БІРІККЕН ШІРКЕУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІЛІМДІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	465
Мусурманова Д.С. ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН	469
Орынбеков Н.А., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ	472
Отарбаева П.Ф., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	475
Рысбек Т.Ж., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУІ	477
Сағнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРАНДЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	480
Смагулов Н.А., Анарбаев Н.С. ИСЛАМ ДІНІ ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУШЫ ФАКТОРЫ	482
Тлеубердиев Б.К. ҚҰРАНЫҢ ИБРАҺИМДІК ДІНДЕРДІҢ КІТАПТАРЫМЕН ОРТАҚ ТҰСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ	486
Тойғылы Д. ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙ	489
Түгел Н.Б. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ» ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	492

Хумархан Ж., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРІК ДІНИ ЖАМАҒАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ	496
Шайкенова Р., Бағашаров Қ. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫ	500
Шаку М.Е., Байтенова Н.Ж. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ	503
Шамсудинова Р.В., Рысбекова Ш.С. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ НА БАЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ	507
Шойбек Б., Байтенова Н.Ж. ФАКТОРЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО И ИНФОРМАЦИОННОГО РАДИКАЛИЗМА В СФЕРЕ МОЛОДЕЖИ	510
СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІНІҢ ДАМУЫ СЕКЦИЯ: ВОПРОСЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ	
Жумабекова К.Б. БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ӘРЕКЕТТЕРІ	514
Калкашев С.Г. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	518
Кеңесбай Е.Қ. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	521
Aman Zh. THE ROLE OF THE TEACHER-PSYCHOLOGIST IN THE FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN SENIOR PUPILS	523
Мұқтар Т.Т. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ	525
Батжанова М. ФОРМИРОВАНИЯ ОРГАНИЗАТОРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	528
Шамсудинова Р.В. ФЕМИНИЗМ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КИНО	531
Қуанышбаева А.Т. В.Ф. ШАТАЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ	535
Казалканова Г. Б ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ	538
Қожанова А.Н. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	541
Makhambetova Zh. T. FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	544
Успанова Д.К. ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В КОНТЕКСТЕ ЖИЗНЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ	547
Ярликасинова Перизат Базаралықызы САНКЦИЯНЫҢ КЕРІ ӘСЕРІН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ	549
Азаматов Нурлан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	551
Беркінбай Гүлназ Нұржанқызы МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ	554
Ошан Баян МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	556
Жданова А.А. РОЛЬ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ОСВОЕНИИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБЩЕСТВА	559
Ә.Т. Зиядинова ПРОФЕССОР К.Ж. ҚОЖАХМЕТОВ АНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ «ӨЗІН-ӨЗІ» ТАЛУ ПӘНІ МАЗМҰНЫНДА КӨРІНСІ	562
Шнарбекова Молдир Кақпанбаевна АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ НЕРОДНОГО ЯЗЫКА	564
Шайланов Е.С. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НАШАҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫ	568
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	571
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	575
Ермаханова Салтанат ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ	579